

## **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау**

### **«Сырым аудандық ішкі саясат бөлімі» ММ-нің 2017 жылғы 10 айына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі туралы ақпарат**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес 2017 жылдың 10 ай мерзіміне мекемеде ішкі талдау жұмыстары жұмыс тобымен қазан айының 23 мен 27 күні аралығында жүргізілді.

Мекемеде құрылған жұмыс тобымен ішкі талдау жүргізу барысында төмендегідей заңдар, кодекс пен нормативтік құқықтық актілер қарастырылды.

Атап айтсақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №147 бұйрығымен бекітілген «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу қағидалары», Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №144 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидалары», Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары», Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген «Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидалары», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы №568 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі», Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды» жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы №648 бұйрығымен, аудан әкімдігінің 2006 жылғы 24 қаңтардағы №2-27 «Сырым аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысымен бекітілген ережені мамандар қызметте басшылыққа алып жұмыстанған.

Талдау жүргізу кезеңінде бөлімде кадрлар ауысушылығы болған. Қазан айының 1-нен бастап бөлім басшысы Е.Р.Исанов аудан әкімі аппаратының бас инспекторы лауазымына тағайындалған.

Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітілген. Бөлім қызметшілерінің штаттық саны – 7, соның ішінде



әкімшілік мемлекеттік қызметкерлердің саны – 4. Алайда, бөлім басшысының лауазымдық орны бос болуына байланысты бөлім басшысы міндетін атқарушы А.М.Шукатова, бас маман П.Б.Илашева, бас маман-есепші Ж.Кәрімғалиева. Техникалық қызметші саны – 3 адам.

Бір мемлекеттік қызметші аттесттаудан өткен, «Атқаратын мемлекеттік лауазымына сай келеді» деген комиссия шешімінің оң қорытындысын алған.

Заң бұзушылықтар анықталмаған, мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жазалар қолданылмаған.

Барлық мемлекеттік қызметшілер кірістер мен мүлкі туралы декларацияларды мемлекеттік кірістер басқармасына уақытында тапсырған. Штат құрамында бөлім басшысының лауазымдық орны бос.

Есепті мерзім ішінде бөлімде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

2017 жылдың 10 айында бөлімде 36 бұйрық шығарылып, «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесіне енгізілген.

2017 жылдың 10 айында барлығы 1 өтініш келіп түсен. Оның ішінде жеке тұлғалардан 1 өтініш тіркелді, заңды тұлғалардан тіркелген жоқ. Бұның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты өтініш жоқ. Өтініштерді қарау мерзімінің уақыты бұзылмаған.

Бұқаралық ақпарат құралдарына өткізілген мониторингі («Сырым елі», аудандық қоғамдық саяси газеті, Сырым ауданы әкімдігінің ресми интернет ресурсы) нәтижесінде мекеменің мемлекеттік қызметшілеріне қатысты теріс материалдар анықталған жоқ.

Прокурорлық қадағалау актілері келіп түскен жоқ.

«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығын іске асыру мақсатында бекітілген жоспарға сай жұмыстар атқарылған.

Ағымдағы жылы аудан бойынша 7 семинар-лекциялар, 3 дөңгелек үстел, 1 дебаттық ойын, «Парасыз болашаққа бірге!» атты жастар акциясы, 1 флешмоб өтіп, барлығы 1700 адам қамтылды. Тұрғындар арасында ақпараттық-насихаттық жұмыстар жүргізу мақсатында аудандық «Сырым елі» қоғамдық-саяси газетіне мақалалар және одан тыс шаралар туралы 19 мәлімет жарияланса, аудан әкімдігінің әлеуметтік желідегі парақшасына 8 мәлімет жарияланды. Ауданға тұрақты түрде облыстық ішкі саясат бөлімнен және облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызмет агенттігінен үлкен көлемде дайын жаднамалар, жапсырмалы плакаттар және баннерлер келіп отырады. Аудан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы жыл басынан 5 баннер, 500 дана ақпараттық плакаттар қоғамдық орындарда ілінсе, әлеуметтік желідегі парақшаларда 6 видеоролик жарияланды.

Аудан көлемінде барлық ауылдық округтерге тұрғылықты халықты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында ақпараттандыру үшін 4000 мыңға жуық флаерлер мен 900-ге жуық плакаттар, 12 ауылдық округке бөлініп, тұрғындар арасында таратылса, сонымен қатар жаднамалар коммуналдық қызмет және мемлекеттік қызмет көрсететін мекемелерде тұтынушыларға

түбіртекке қосымша беріліп таратылуда, ал А3 форматындағы плакаттар барлық қоғамдық орындарда ілінді.

Аудан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы билбордтар Бұлан ауылдық округінде және Жымпиты ауылдық округі Амангелді көшесінде, Ақтөбе бағытындағы жолдың жанында (Ақтөбеге – Шымкент тасжолы), Орал бағытындағы жол жанындағы екі бағытты баннер (Жымпиты – Орал тасжолы) орналасқан.

Жоғарыда айтылған негізде, жұмыс тобы «Сырым аудандық ішкі саясат бөлімі» ММ-де 2017 жылдың 10 айы мерзімінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмағаны туралы қорытынды жасады.

**Бөлім басшысы міндетін  
атқарушы**



**А.Шукатова**